

## Кейбір аудандық және оларға теңестірілген соттарды қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 шілдедегі N 1602 Жарлығы

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістерге байланысты **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Кейбір аудандық және оларға теңестірілген соттар қосымшаға сәйкес қайта аталсын.

2. Қайта аталуға жататын аудандық және оларға теңестірілген соттар төрағалары мен судьялары қайта аталған соттардың төрағалары мен судьялары болып саналсын.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі комитеті осы Жарлықтан туындайтын шараларды қолдансын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2005 жылғы 4 шілдедегі  
N 1602 Жарлығына

### ҚОСЫМША

**Қайта атауға жататын және қайта аталған аудандық және оларға теңестірілген соттардың**

#### **ТІЗБЕСІ**

N p/c	Қайта атауға жататын соттар	Қайта аталған соттар
1.	Шымкент қалалық соты	Шымкент қаласының Әл-Фараби аудандық соты
2.	Шымкент қаласының N 2 соты	Шымкент қаласының Абай аудандық соты
3.	Шымкент қаласының N 3 соты	Шымкент қаласының Еңбекші аудандық соты